



MNU Annual Legal Conference – 2024

**атты Республикалық ғылыми-практикалық
конференциясының материалдар жинағы**

**сборник материалов республиканской
научно-практической конференции**

**Астана
12 апреля 2024 года**

ISBN 978-601-7450-72-4

УДК 34

ББК 67

М77

Рекомендовано к изданию решением Комитета по науке
Университета КАЗГЮУ имени М.С. Нарикбаева (протокол № _ от 1 июня 2024 г.)

Ответственные редакторы:

Абдель Мотгалёб М., м.ю.н., Teaching & Research Assistant

Айменов Н., м.ю.н., PhD doctorate, Senior Lecturer

Әлекбай Ж.Қ., м.ю.н., PhD doctorate, Senior Lecturer

Котерлин О., м.ю.н., Senior Lecturer

Редакционная коллегия:

Абылайұлы А., PhD, Assistant Professor

Аубакирова И.У., д.ю.н., Associate Professor

Бабаджаниян Е.Л., м.ю.н., PhD candidate, Adjunct Assistant Professor

Дидикин А.Б., д.фил.н., Associate Professor

Мельник Р.С., д.ю.н., Professor

Люттов Н.Л., д.ю.н., Associate Professor

Жұмағали А.Қ., PhD, Assistant Professor

Хасенов М.Х., PhD, Associate Professor

Материалы Республиканской научно-практической конференции «MNU Annual Legal Conference – 2024», представляющей собой возрождение научно-практических конференций, традиционно проводимых в стенах Университета КАЗГЮУ, посвящены тридцатилетию со дня основания Maqsut Narikbayev University.

Доклады конференции охватывают актуальные проблемы следующих отраслей права:

1. Общее и специальное административное право;
2. Гражданское право и процесс;
3. Трудовое право;
4. Конституционное право;
5. Теория и философия права;
6. Уголовное право и процесс;
7. Международное право и право конкуренции.

Издание предназначено для широкого круга читателей, проявляющих интерес к актуальным проблемам развития юридической науки, новым методологическим подходам к современным вопросам и текущим тенденциям правовой реальности.

СОДЕРЖАНИЕ

| | |
|---|------------|
| ОБЩЕЕ И СПЕЦИАЛЬНОЕ АДМИНИСТРАТИВНОЕ ПРАВО | 5 |
| ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ РИСКАМИ В НАЛОГОВОМ АДМИНИСТРИРОВАНИИ РК | 5 |
| БЫТОВОЕ НАСИЛИЕ В КОНТЕКСТЕ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ГЕНДЕРНОГО РАВЕНСТВА В КАЗАХСТАНЕ: ТЕОРЕТИКО-ПРАВОВЫЕ И НОРМАТИВНО - ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ..... | 12 |
| ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ПРАВО | 22 |
| ЧАСТИЧНЫЙ ОТКАЗ ОТ НАСЛЕДСТВА: ПРАВОВАЯ ПРОБЛЕМАТИКА И ПОСЛЕДСТВИЯ | 22 |
| КРИПТОТОКЕНЫ КАК ОБЪЕКТЫ ГРАЖДАНСКИХ ПРАВ | 31 |
| ЮРИДИЧЕСКИЕ И ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РЕБРЕНДИНГА В КАЗАХСТАНЕ | 42 |
| ВОПРОСЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ПРЕДДОГОВОРНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН..... | 48 |
| УКЛОНЕНИЕ ОТ ОБЯЗАННОСТЕЙ ПО СОДЕРЖАНИЮ | 59 |
| КАК ОСНОВАНИЕ ДЛЯ ОТСТРАНЕНИЯ ОТ НАСЛЕДОВАНИЯ..... | 59 |
| ПРАВОВАЯ ПРИРОДА ВИРТУАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ. АНАЛИЗ СКВОЗЬ ПРИЗНАК БЕСТЕЛЕСНОСТИ | 69 |
| КРИТЕРИИ ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ УСЛОВИЙ В СДЕЛКАХ ПОД УСЛОВИЯМИ | 79 |
| ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЕХНИЧЕСКИХ СРЕДСТВ СВЯЗИ В СУДЕБНЫХ ЗАСЕДАНИЯХ В КОНТЕКСТЕ ПРИНЦИПОВ ГРАЖДАНСКОГО ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА | 86 |
| АДАПТАЦИЯ ИНСТИТУТА НАСЛЕДОВАНИЯ К ЦИФРОВОЙ РЕАЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ПРАВОВЫЕ ВЫЗОВЫ И ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА..... | 94 |
| ОДНОСТОРОННИЕ ВОЛЕИЗЪЯВЛЕНИЯ В НАСЛЕДСТВЕННЫХ ПРАВООТНОШЕНИЯХ | 103 |
| ТРУДОВОЕ ПРАВО | 109 |
| АНАЛИЗ РЕШЕНИЙ МЕЖДУНАРОДНЫХ СУДЕБНЫХ ОРГАНОВ ПО ЗАЩИТЕ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА ПО ВОПРОСУ ДИСКРИМИНАЦИИ В ОБЛАСТИ ТРУДА И ЗАНЯТИЙ | 109 |
| КОНСТРУКЦИЯ РАСТОРЖЕНИЯ ТРУДОВОГО ДОГОВОРА И КОНЦЕПТУАЛЬНОСТЬ ДИСЦИПЛИНАРНЫХ ВЗЫСКАНИЙ..... | 116 |
| ПРАВОВОЙ СТАТУС ПЛАТФОРМЕННЫХ ТРУДЯЩИХСЯ В КАЗАХСТАНЕ..... | 125 |
| ЮРИДИЧЕСКИЙ ПОНЯТИЙНЫЙ АППАРАТ, СВЯЗАННЫЙ С НАСИЛИЕМ И ДОМОГАТЕЛЬСТВАМИ В СФЕРЕ ТРУДА | 132 |
| ПРОБЛЕМЫ СУДЕБНОЙ ПРАКТИКИ ПРИ УВОЛЬНЕНИИ РАБОТНИКА ПО ПП.2 П.1 СТАТЬИ 52 ТРУДОВОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН..... | 144 |

| | |
|--|------------|
| СУДЕБНАЯ ПРАКТИКА О ПРИЗНАНИИ ЗАКОННОСТИ ЗАБАСТОВОК В КАЗАХСТАНЕ: СООТНОШЕНИЕ С МЕЖДУНАРОДНЫМИ ТРУДОВЫМИ СТАНДАРТАМИ..... | 155 |
| ПРОБЛЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО КОНТРОЛЯ ЗА СОБЛЮДЕНИЕМ ТРУДОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН | 164 |
| КОНСТИТУЦИОННОЕ ПРАВО | 180 |
| ПРОБЛЕМЫ РЕАЛИЗАЦИИ КОНСТИТУЦИОННОГО ПРАВА НА СВОБОДУ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ... | 180 |
| ИНСТИТУЦИОНАЛИЗАЦИЯ ПАРЛАМЕНТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ: ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ И ВОЗМОЖНОСТИ РЕАЛИЗАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ | 186 |
| ОСОБЕННОСТИ КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ИНСТИТУТА ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ЦЕНЗА В РК | 195 |
| ОПЫТ ЭСТОНИИ В СТАНОВЛЕНИИ И РАЗВИТИИ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ И ЕГО ПРИМЕНИМОСТЬ К КАЗАХСТАНУ | 204 |
| СУЩНОСТЬ И СОДЕРЖАНИЕ КУЛЬТУРНЫХ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА И ГРАЖДАНИНА | 215 |
| ПРОБЛЕМЫ КОНВЕРГЕНЦИИ ПРАВОВЫХ СИСТЕМ..... | 225 |
| ТЕОРИЯ И ФИЛОСОФИЯ ПРАВА | 232 |
| ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ | 232 |
| ЕДИНСТВО ПЕРВИЧНЫХ И ВТОРИЧНЫХ ПРАВИЛ КАК НЕОБХОДИМОЕ УСЛОВИЕ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ПРАВОВОЙ СИСТЕМЫ..... | 246 |
| ПРАВОВЫЕ АКСИОМЫ И СМЕЖНЫЕ ПРАВОВЫЕ ИНСТИТУТЫ: СРАВНИТЕЛЬНО-ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ..... | 253 |
| УГОЛОВНОЕ ПРАВО И ПРОЦЕСС | 263 |
| ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙДА ҚАЛДЫРУ ҚҰРАМЫ: ЭВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ СУБЪЕКТ МӘСЕЛЕСІ | 263 |
| ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ АСПЕКТІЛЕРІ..... | 270 |
| ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ..... | 276 |
| МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО И ПРАВО КОНКУРЕНЦИИ..... | 283 |
| ДОСТУПНОСТЬ ТЕКСТОВ МЕЖДУНАРОДНЫХ ДОГОВОРОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: АНАЛИЗ, ОЦЕНКА И ПРЕДЛОЖЕНИЕ | 283 |
| АГЕНТСТВО ПО ЗАЩИТЕ И РАЗВИТИЮ КОНКУРЕНЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН КАК ОРГАН РАЗВИТИЯ КОНКУРЕНТНОГО ПРАВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ВЫЗОВЫ И ПУТИ РЕШЕНИЯ | 293 |
| ВЛИЯНИЕ ПРАВОВОГО РЕЖИМА СЭЗ «АСТАНА-НОВЫЙ ГОРОД» НА КОНКУРЕНТНУЮ СРЕДУ НА РЫНКЕ СТРОИТЕЛЬСТВА..... | 305 |
| ЗАЩИТА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ: МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОЙ АСПЕКТ | 318 |

УГОЛОВНОЕ ПРАВО И ПРОЦЕСС

Шұғыла Исмаил

*«Құқықтану» мамандығының 2 курс студенті
Жоғары заң мектебі Maqsut Narikbayev University*

Астана қ., Қазақстан Республикасы

Email: shugyla0610@mail.ru

ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙДА ҚАЛДЫРУ ҚҰРАМЫ: ЭВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ СУБЪЕКТ МӘСЕЛЕСІ

Андатпа

Бұл мақалада келесілер негізгі қайнар көз болып табылады: Олар 1922 жылғы Орынборда жарық көрген С.Қадырбайдың, Ташкент қаласында басылып шыққан Ж.Досмұхамедұлының «Қылмыс Заңы» еңбектері, 1959 жылғы Қазақ ССР-інің «Қылмыстық кодексі» және 1997 жылғы Егемендік алғаннан кейін қабылданып, күші жойылған «Қылмыстық Кодекс» және 2014 жылғы қазіргі уақытта заңдық күші бар «Қылмыстық Кодекс» болып . Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің «Қауіпті жағдайда қалдыру» деп аталатын 119-бабының түбірі қайдан бастау алғаны мен қоса қайдан шыққаны жайлы тарихы «Қылмыстық Кодекстер» арасындағы бірізділік пен өзгерістер тарихы әр қырынан талданатын болады. «Қауіпті жағдайда қалдыру» бойынша жауаптылыққа тартылатын адамдар қатары мен олардың арнайы немесе жалпы субъект болып танылатыны ашып жазылады. 2014 жылы алмастырылған шылауға қатысты зерттеулер жүргізілді және енгізілген өзгерістің Қазақстан Республикасының азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуын шектейтін мәселелердің басы көтеріледі. Осы бапқа сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы толық талданып, тәжірибеден мысал келтіріледі. Аталған мәселеге сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғары Сотына ұсыныс жасалып оның іс жүзінде жүзеге асырылуы талап етіледі. Бұл норманың шетелдік Қылмыстық заңнамалардағы көрінісі тілге тиек етіледі. Автордың өз субъективтік пікірі айтылады.

Негізгі сөздер: қауіпті жағдайда қалдыру, қылмыстық құқықтық норма, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, қылмыс құрамы, норма, қылмыс заңы, конституция, жауаптылық, шылау, құқық.

Кіріспе

Қылмыстық құқықта «Қауіпті жағдайда қалдыру» деген ұғым бар. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабы, 1-тармағына сәйкес, мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жазылған. Жеке тұлғаның Конституциямен бекітілген құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы адам өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтарды жасауға әкеледі және азаматтық қоғамның біртұтастығы мен тұрақтылығының бұзылуына өз әсерін тигізеді. Бұл

жағдай көбінесе сәбилігіне, қарттығына, науқастығына қарай және өзге де дәрменсіз күйі салдарынан өзін-өзі сақтап қалу шараларын қолдану мүмкіндігі болмайтын адамдарға қатысты. Бұл ұғымның ауқымы өте кең болғандықтан, бұл норманың шығу эволюциясына жіті назар аударуды қажет деп санаймын. Оның түп бастауы Алаш-Орда заңгерлерінен алады. «Қылмыс заңының» алғаш рет 1922 жылы қазақ халқына жатық тілмен түсінікті етіп тәржімәләп берілуі С. Қадырбай, Ж. Досмұхамедұлы есімдерімен тікелей байланысты. Сондай-ақ 1959 жылы қабылданған «Қазақ ССР-інің Қылмыстық кодексі» мен 1997 жылы қабылданған Тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғашқы «Қылмыстық Кодексі», 2014 жылы соңғы қабылданған, қазіргі қолданыстағы «Қылмыстық Кодекс»-індегі «Қауіпті жағдайда қалдыру» эволюциясындағы өзгерістер әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қайшы келуде. Атап айтқанда 1922 жылғы С. Қадырбай мен Ж. Досмұхамедұлының «Қылмыс заңында» «қауіпті жағдайда қалдыру» бабының қылмыстық құқықбұзушылық субъектілері деп тек екі сипаттағы адамдарды таныған. Оның ішінде «кінәлі адамның сол адамға көмек көрсету мүмкіндігі болған адам» деп сипатталатын субъект жоқ. Ал Қазақ ССР-інің Қылмыстық Кодексіне «және жәрдем көрсетуге мүмкіндігі болса» деген сөйлеммен жауаптылыққа тартылатын тағы бір субъект қосылды. Бұл құрам кейбір өзгерістермен 1997 жылғы ҚР ҚК-де де болды. 2014 жылғы нұсқада да бұл құрам қайталанған, тек бірінші бөлігіндегі субъектілер қатарына заңшығарушы өзгеріс енгізген. Алдыңғы Кодекстегі байланыстырушы шылау «және» бөлуші шылау «немесе» сөзіне ауыстырылған. Бұның нәтижесінде қылмыс құрамының субъектілерінің шеңбері кеңейгенін байқадық. Олар, «сол адамға көмек көрсету мүмкіндігі болған адам», «сол адамға қамқорлық жасауға міндетті болған адам», «оны өміріне немесе денсаулығына қауіпті күйге өзі түсірген адам». Сәйкесінше, бір ғана шылаудың өзгеруі норманың басқа нормативтік құқықтық актілердің қайшылығына алып келді.

Негізгі бөлім

Мақалада «қауіпті жағдайда қалдыру» бабының түбірі қайдан шыққаны және оған қандай өзгерістер енгізілгенінің жазылғаны маңызды. Қауіпті жағдайда қалдыру – ерікті, қоғамға қауіпті және белсенді әрекет болып саналғандықтан, оны қылмыс деп таныған.

Қауіп сөзінің өзі қорқыныш, зәре, үрей сөздерінің мағынасын, жағдай сөзі хал, жәйт, тұрмыс, күй, жай, жағдаят, ахуал сөздерінің, «қалдыру» сөзі тастап кету, шегініп қалу, алыстау мағыналарына саяды.

ҚР ҚК 4-бабына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады. Қазіргі таңда қолданатын қылмыс құрамының бар не жоқ екендігіне қарай жауаптылық тағайындалатыныны 1922 жылы Орынборда басылған С.Қадырбайұлының «Қылмыс Заңынан» бастау алған. «Кісінің тіршілігіне, ден саулығына, еркіне, адамшылығына қарсы қылмыстар» деп аталатын 5-тарауда жазылған (түпнұсқадағы орфографиясы сақталған):

«3. Қауыпте қалдыру

163. Жастық, кәрілік, ауру иа басқа тұралы себебтер мен өзін өзі қорғау, сақтауға шамасы келмейтін адамды тіршілігіне қауыпты күйде жәрдемсіз тастап кетуі жазасы, егер ол адамның қамын жеу сол тастау кетушінің міндетінде болса: екі жылға шейін еркінен айыру.

Егер өзін өзі қорғап сақтауға шамасы келмейтін жәрдемсіз қалдырылған адам қалдырылушының қарауындағы кісі болмасада, ондай адамды көріне тіршілігіне қауыпты жағдайға түсіріу үшін жаза мөлшерін аттырып, - үш жылға шейін салыуға болады.

164. Біреудің тіршілігіне қауіпті қалде тұрғанын тийісті адамдарға иа мекемелерге білдірмеу, қолдан келе тұрсада жәрдем бермеу жазасы, егер сол жәрдем бермеу себепті ол адам өліб кетсе иа тәніне ауыр жарақат түссе - алты айға шейін еріксіз жұмысқа қосыу.

165. Ауырыу адамға заң бойынша иа тийісті ереже бойынша жәрдем беріуге міндетті адамның жәрдем бермеуі, бермеу себепті дәлелсіз болса: бір жылға шейін еріксіз жұмыс істетіу мен иа болмаса 500 сомға шейін айыб салыу мен жазаланады.

Дәргердің ауруыды емдеуден бас тартыуы оның түбі ауруға көріне қауіпті болыуы мүмкін болса: екі жылға шейін еркінен айырыу мен жазаланады

165 - 1. Баланың асырап, тәрбіелеуіне төлейтін қаржыны әкесінің иа шешесінің төлемей жана жасы толмаған балаларды әке - шешесінің жәрдемсіз қалдырып кетіуі, - алты айға шейін еркінен айырыу мен немесе еріксіз жұмыс істетіу мен немесе 500 сомға шейін айыб салыу мен жазаланады».

Мұнда жәбірленуші ретінде сәбилігіне байланысты жас бала, жасына байланысты қарт, ауруына және осы сияқты басқа себептермен өзін-өзі қорғап қауіптен шығуға шамасы келмейтін адамдарды түсінуіміз қажет.

Ал 164 - бапқа сәйкес, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіп төніп тұрғанын көре тұра тиісті органдарға хабарламау және қолынан келіп тұрса да тиісті жәрдем көрсетпесе және ол жәрдем көрсетпедің салдарынан адамның өліміне не денсаулығына ауыр зардап әкелсе 6 айға шейін еріксіз жұмысқа жіберілетін болады. Қалған баптарда заң жүзінде қамқорлық көрсетуге міндетті болып табылатын адамдар жауаптылығы қарастырылған. Атап айтқанда қазіргі қолданыстағы ҚР ҚК-тің 320-бабына сәйкес, «науқасқа медициналық көмек көрсетуге міндетті адам – дәрігер» және 139-бабына сәйкес «балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамайтын ата-аналар» болып табылады.

Тура осы сияқты 1924 жылы Ташкентте жарық көрген білгір заңгеріміз Жаһаншаның нұсқасы да осылай тәржімәланған нұсқасы сөзбе-сөз мағынасы жағынан және субъектілері мен жауаптылық мөлшері бірдей болғандықтан оған тоқталмай ақ қойған жөн. Аталған «Қылмыс заңдарына» қорытынды келтірер болсақ, «көмек көрсетуге мүмкіндігі болған адам» деп сипатталатын субъект ол заңда «қолдан келе тұрса да жәрдем бермеу» деп қарастырғанын көруге болады.

Ендігі кезекте Қазақ ССР-інің 1959 жылғы Қылмыстық Кодексінің «110-статьясына» тоқталайық.

«110-статья. Хауіпті жағдайда қалдыру

Жас болуы, кәрілігі, науқастығы салдарынан немесе басқа бір дәрменсіздігі себепті өмірін сақтауға шара қолданарлық мүмкіндігі жоқ адам біле тұра өміріне хауіп төніп тұрған жағдайда жәрдемсіз қалдыру, егер жәрдемсіз қалдырушы адам жөнінде қамқорлық жасауға міндетті болса және жәрдем көрсетуге мүмкіндігі болса,- екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарға немесе қоғамдық сөгіске жазаланады.

Тап сол қылмыстар жәрдемсіз қалдырылған адамның қазаға ұшырауына, немесе басқа бір зардаптарға әкеп соқтырса, - екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Бұл баптан да субъектілер түрлерінің аса қатты өзгергенін байқамаймыз. Осы Кодекстің нормалары өмірімізде орын алған саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге сай келмегендіктен, жаңа Кодекстің қабылдануына байланысты 1998 жылдан бастап өз күшін жойған. Араға 38 жыл салып тұтас ел болып жарияланғаннан кейінгі алғашқы кодексіміз 1997 жылы жарық көрді. Ерекше бөлімнің бірінші тарауы «жеке адамға қарсы қылмыс» деп аталды.

Күші жойылған Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Кодексінің 119-бабында да былай жазылған:

1. Өміріне немесе денсаулығына қауіпті жағдайдағы және сәбилігіне, қарттығына, науқастығына немесе өзге де дәрменсіз күйінің салдарынан өзін-өзі сақтап қалу шараларын қабылдау мүмкіндігінен айырылған адамды көрінеу көмексіз қалдыру, кінәлі кісінің ол адамға көмек көрсету мүмкіндігі болған және ол адамға қамқорлық жасауға міндетті болған не оны өміріне немесе денсаулығына қауіпті күйде өзі қалдырған жағдайларда, -

елу айлық есептік көрсеткіштен жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейін мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Көмексіз қалдырған адамның абайсызда өлуіне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет, -

айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Нені байқадыңыздар?

Кінәлі субъектілер қатары баптың бір бөлігіне топтастырылды.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Заңдық күші бар Кодекске оралсақ, оның басты айырмашылығы «және» шылауының «немесе» шылауына ауыстырылуында. Норма Қылмыстық Кодекстің «Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталатын тарауында былайша көрініс тапқан:

«119-бап. Қауіпті жағдайда қалдыру

1. Өміріне немесе денсаулығына қауіпті жағдайдағы және сәбилігіне, қарттығына, науқастығына қарай немесе өзге де дәрменсіз күйі салдарынан өзін-өзі сақтап қалу шараларын қолдану мүмкіндігінен айырылған адамды көрінеу көмексіз қалдыру, егер кінәлі адамның сол адамға көмек көрсету мүмкіндігі болған немесе сол адамға қамқорлық жасауға міндетті болған не оны өміріне немесе денсаулығына қауіпті күйге өзі түсірген жағдайларда, – бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Көмексіз қалдырылған адамның денсаулығына абайсызда ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соққан дәл сол іс-әрекет – екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, көмексіз қалдырылған адамның абайсызда өліміне әкеп соққан іс-әрекет – үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан іс-әрекет – бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

Бұл қылмыстық құқықбұзушылықтың объектісі - сәбилігіне, қарттығына, науқастығына қарай немесе өзге де дәрменсіз күйі салдарынан өзін-өзі сақтап қалу шараларын қолдану мүмкіндігінен айырылған адамның өмірі мен денсаулығы.

Объективтік жағынан өміріне немесе денсаулығына қауіп төнген адамға көмек көрсетпеуі арқылы, яғни әрекетсіздігі арқылы көрініс табады. Бұдан шығатыны, біз қылмыстық құқықбұзушылықтың объективтік жағының келесі белгілерін анықтай аламыз.

1) жәбірленуші өз өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайда болуы тиіс;

2) сәбилігіне, қарттығына, науқастығына қарай немесе өзге де дәрменсіз күйі салдарынан өзін-өзі сақтап қалу шараларын қолдану мүмкіндігінен айырылған адам болуы керек;

3) кінәлі адам сол адамға көмек көрсету мүмкіндігі болған немесе сол адамға қамқорлық жасауға міндетті болуы керек;

4) кінәлі оны өміріне немесе денсаулығына қауіпті күйге өзі түсірген болуы керек;

Субъективтік жағынан анықтау бірқатар қиындықтар тудыртады. Біраз ғалымдар көрінеу қасақана әрекет деп танытындықтан, тікелей қасақаналықпен жасалады деп өз пікірлерін айтады. Сол ғалымдардың бірі И.Ш Борчашвили. Алайда келіспейтін тұстар бар. Тәжірибеден мысал келтіре өтсек, 2011 жылы 18 наурызда Пачковская Е. мен туыстары, анасы мен ағасы Сергей алкогольдік ішімдіктерді кешкі астан соң іше бастады. Біраз уақыт өткен соң, үйде анасы Зинаида мен ағасы Сергей арасында жанжал басталды. Пачковская Е. сағат 19:20 шамасында ол ұлы Пачковский Михаил Федоровичті алып, аулаға шығып кетті.

Онда ол ұлымен ойнады, оны емізді және біраз уақыттан кейін ұлы Пачковский М. ұйықтап қалғандықтан, оны жерге қойып, жанына жайғасты. Біраз уақыттан кейін ол орнынан тұрып үйге барып, жатып қалды. 2011 жылдың 19 наурызында таң атқан соң анасы Зинаида баласының қайда екенін сұрады, бірақ әпкесі Любаның үйінде шығар деп жауап берді де ары қарай ұйқысын жалғастырды. Біраз уақыттан кейін оны анасы ұлы Михаилдің Люба әпкесінің үйінде жоқ екенін айтты. Осы сәтте Пачковская Е. 2011 жылдың 18 наурызында кешке ұлымен аулаға барғаны есіне түседі. Жүгіріп, барып қараса демсіз жатқан баласын көреді. Қалай болғанын түсіндіре де, түсіне де алмады.

Осылайша біз Пачковскаяның мас күйінде болғандықтан өз әрекетіне жауап бере алмағанын және өз баласының өлгенін тілемегенін байқаймыз.

Қорытынды ретінде, мотивтердің әртүрлі болуы мүмкін екенін айтқым келеді, олар: немқұрайлылық, қорқақтық және т. б.

Қылмыстық құқықбұзушылықтың субъектісі болып 16 жасқа толған, ақыл-есі дұрыс болып танылатын жеке тұлға танылады. Негізінде, осы бап бойынша оның жауаптылығы көрсеткен қызметінен, келісімшарттан не оның мінез-құлқынан туындауы қажет болған. Алайда қазіргі қолданыстағы 119-бап міндетті субъект ретінде танып отырғандықтан жалпы және арнайы субъекттерде ішіне кіргізіліп кетіп отыр. Ол дегеніміз азаматтардың Конституциямен бекітілген құқықтары мен бостандықтары айтарлықтай шектелуде. Шектелу, ол құқықтар мен бостандықтардың бұзылуына алып келеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабы 1-тармағына сәйкес, адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

Сондай-ақ, осы баптың 5-тармағына сәйкес, адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс. Мәселен, жақсы араласатын, достар Али мен Сармат көпқабатты тұрғын үйде бірге көрші тұрады. Кенет тұрғын үйде өрт шықты. Өрт дабылы қағылып, тұрғындарға ескертілді. Сондай-ақ, жалпы жиналыста сайланған үй кеңесі өрт сөндіру қызметіне хабарласып қана қоймай, ортақ байланыс чатына жазыпта өз міндетін атқарып жатты. Али іссапармен басқа қалада болғандықтан, досы Сарматқа хабарласып, ауру анасы мен 8 жасар қызы және жүкті әйелін құтқаруға өтініш жасады. Алайда Алидің де бес кәмелетке толмаған баласы мен әкесінің мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, соларды сыртқа алып шығумен болды. Құтқару қызметі келгенге дейін Алидің отбасы құтқарыла алмай, түгелдей жанып кетіпті. Бұдан шығатыны, Сарматты «көмек көрсетуге мүмкіндігі болған адам» ретінде жауаптылыққа тарта аламыз ба? Осы күнгі ҚК-тің 119-бабына сәйкес, иә, тарта аламыз. Алайда бұл тұрғын үйдің басқа да тұрғындарында да көмек көрсетуге мүмкіндіктері болды ғой. Неге оларды да жауаптылыққа тарта алмаймыз?

Б.К. Сыздықтың дәл осы мәселеге қатысты жарияланған мақаласында (2015): «жоғарыда көрсетілген шылаудың басқа шылаумен алмастырылуы, қылмыстық құқықтық норманың диспозициясының түбегейлі өзгеруіне алып келді» - деп жазған сөзі бар (бет, 4). Демек, іс жүзінде норманы кезекті қылмыстық-құқықтық жетілдіру емес, қылмыстық құқықбұзушылық субъектілерінің қатарының, яғни «+1 субъектке» көбеюі жүзеге асырылды. Әрине, заң шығарушы бұл өзгерісті енгізуімен дәрменсіз күйі салдарынан өзін-өзі сақтап қалу шараларын қолдану мүмкіндігінен айырылған адамдардың құқықтары мен бостандықтарын адамдық тұрғыдан қорғауды қамтамасыз еткісі келгенмен, Қазақстан Республикасының басқа да азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуына жол жауып отыр. Егер бұрын арнайы субъектілерді қоспағанда, дәрменсіздерге көмек көрсету ерікті іс болса, енді шылаудың өзгеруіне сәйкес барлық он алты жасқа толған есі дұрыс адамдарға да міндетті болды. Шындығында, қарапайым азаматтарды қоса алғанда, білгір заңгерлеріміз бен құқықтанушыларымызда «қауіпті жағдайда қалдыру» бойынша жауаптылық тек арнайы субъектілерге жүктеледі деген нақты сенімде болған. Барлық субъектіге міндеттелген бұл норманың қалай жұмыс істейтіні беймәлім. Қаншалықты заңды және эффективті? Бұл норманың жұмыс жасауы үшін еліміздегі азаматтардың құқықтық сауаттылығының жоғары болуы керек екені хақ.

Қылмыстық кодекстегі осы нормаға ұқсас қылмыс құрамы кездесетін елдер бар. Олар: Әзірбайжан Болгария, Грузия, Израиль, Испания, Иран Қырғызстан Польша, АҚШ Тәжікстан Түркия, Өзбекстан, Украина, Франция, Швейцария. Батыс және посткеңестік елдердің қылмыстық заңдарына сәйкес нормалардың диспозицияларында айырмашылықтар бар екенін айта кету керек. Әрине, олардың заң шығару техникасындағы тәсілдер мен біздің заң шығару техникамыздағы тәсілдер арасында айырмашылықтар бар екеніне сөз таластырмаймын. Басты басшылыққа алатындары дүниетанымдық, моральдық, саяси көзқарастарды алдыңғы қатарға қою арқылы, кеңейтілген түрде талқылау жүргізіп нормаларды шығаруы.

Жалпы басқаларға қамқорлық көрсету сіздің пікіріңізше (генетикамен, әдет ғұрыппен, адамгершілікпен, моральмен, дінмен) немен байланысты? Заң шығарушы қандай өлшемшарттар мен құқықтарға сәйкес қауіпті жағдайда қалдырғаны үшін жауаптылық белгілеп отырғаны сізді қызықтырмайды ма?

Бұл сұрақтардың нақты жауабын заңи әдебиеттерден де табу мүмкін емес. Тіпті конституциялық нормада да басқаларға қамқорлық жасауды міндеттейтін норма жоқтың қасы. Ал енді діншілдік, адамгершілік, мейірімділік, жомарттық тұрғысынан қарап, норманың өзгеріссіз қалдырсақ, өз қолымыз бен барлық азаматтардың теңқұқықтылығының бұзылуымен тоталитарлық диктатураның орнауына жол саламыз деген сөз.

Қорытынды

Көрсетілген нормалар мен талданған мысалдарға сәйкес бір ғана шылаудың алмастырылуының салдары ауқымды екенін байқадық. Осы сияқты көп мақалалар бұл мәселені көтергенімен нақты бір шешімдер мен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотынан қауіпті жағдайда қалдырудың барлық құрамы бойынша түсіндірілген қаулысы әліде шыққан жоқ.

Сондықтан да ұсынылатын нәрсе ол – ҚР ҚК-нің 119-бабының диспозициясын өзгертіп, арнайы субъектілер санын үшеу емес, әуелгі ҚК-тер сияқты екеуге түсіріп, «кінәлі адамның сол адамға көмек көрсету мүмкіндігі болған немесе сол адамға қамқорлық жасауға міндетті болған» деп емес, «кінәлі адамның сол адамға көмек көрсету мүмкіндігі болған және сол адамға қамқорлық жасауға міндетті болған» деп өзгерту және Қазақстан Жоғарғы Сотының осы норманың барлық қылмыс құрамы бойынша қаулы шығару.

Бұл біздің ойымызша қылмыстық-құқықтық норманы түсінуде өте жақсы септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы. Сілтеме бойынша алынған: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Ағыбаев А.Н. (2015). Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. Алматы: Жеті Жарғы;
3. Борчашвили И.Ш. (2015) Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне түсіндірме. Жалпы бөлім. Алматы;
4. Бакишев К. & Оспан А. Уголовно-правовой анализ оставления в опасности, 301-305;
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. Сілтеме бойынша алынған: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>;
6. Сыздық Б.К (2015). Оставление в опасности: влияние «и/или» на уголовную политику и цену преступности. Криминология: вчера, сегодня, завтра, (4 (39)), 64-72;
7. Сайлауқызы, А., Курманғалиева-Ерджиласун, Г., & Шурентаев, А. М. (2023). Сейдәзім Қадырбай публицистикасындағы құқықтық мәселелер. Вестник Евразийского национального университета имени ЛН Гумилева. Серия Журналистика, 143(2), 115-125;
8. «Қылмыс Заңы», Қызыл-Орда, 1925 ж. (1922 ж. РСФСР ҚК, тәржімалаған Сейдәзім Қадырбайұлы, төте жазумен басылған);
9. «Қылмыс Заңы», Ташкент, 1926 ж. (1922 ж. РСФСР ҚК, тәржімалаған Жаһанша Досмұхамедұлы, төте жазумен басылған);
10. Тоқтарбай Е. «Қайта оралған қайраткер» мақаласы. – TURKISTAN газеті. – 2019. No 45 (14 қараша). – 6 б.;
11. 2011 жылғы 2 маусымдағы Пачковская Е.Н.-ны айыптау бойынша No 1-33/11 қылмыстық іс.